

Магистранттар медиа-материалдарды сөйлеуді зерттеу кезеңінде қолдануға болатындығын түсінеді, логопедиялық сабақтың әр түрлі кезеңдерінде – баланы жұмысқа қосқан кезде, негізгі материалды түсіндіргенде, алған білімдерін бекіту кезінде. Болашақ логопед зерттеу жүргізу үшін әзірлеу немесе тандау жасай алуы керек.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, сөйлеу терапиясындағы қазіргі тенденциялар білім беру жеке тұлғаның белгілі бір бөлігін қалыптастыру мен дамытуды қамтиды және магистранттардың кәсіби қасиеттерін дамытады. Осылайша, құзыретті логопед этикалық тұрғыдан балалармен тиімді қарым-қатынас жасауға қабілетті және дайын маман, педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік балалардың сөйлеу мүмкіндіктерін зерттеу технологияларын толық меңгереді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Сергеева А.И. *Возможности синквейна в развитии рефлексивных способностей будущих бакалавров дефектологического образования // 2015. – С. 9-16.*

2 Федянина Е.В. *Учитель-логопед как субъект коррекционно-педагогической деятельности // Материалы Первого Международного форума работников образования: Сборник научных трудов. 2013. – С. 44-47.*

3 Фуряева Т.В. *Формирование гуманистического дискурса учителя-логопеда в дополнительном профессиональном образовании // Сибирский педагогический журнал. 2014. – С. 118-125.*

4. Шилова Е.А. *Использование возможностей сетевого взаимодействия в процессе формирования профессиональных компетенций у студентов-логопедов // 2016. – С. 206-210.*

УДК 376.37
МРНТИ 14.29.27

А.Е. Амирова¹, М.И. Қабделдаева²

¹*педагог-психолог, педагог-логопед,*

²*Алматы қаласы білім басқармасының*

«Даму интеллектуалдық қабілеті төмен балаларға арналған

№7 арнайы (түзету) мектеп-интернаты» КММ, Алматы қаласы,

Алматы қ., Қазақстан, e-mail: anara-amir15@mail.ru, kabdeldaeva.moldir@mail.ru

**ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ДАМУДА ПСИХОЛОГ ПЕН ЛОГОПЕД РӨЛІ**

Аңдатпа

Арнайы (мектеп-интернаттарда) оқыту – интеллектуалдық және психофизикалық дамуы бұзылған балаларды әлеуметтендіруге, өз-өзіне қызмет жасауын қалыптастыруға бағытталған, жеке дамуына, өмірлік маңызы бар қажетті білім мен білікті, дағдыны меңгеруге, кедергісіз әлеуметтік ортаға бейімделуге ықпал ететін түзету-дамытушылық оқыту мен тәрбиелеу жүзеге асырылады. Осының негізінде, мектеп психологтарының, дефектолог, логопед мамандарының маңызы өте зор. Бұл мақаламызда педагог-психологтарға, дефектолог, логопед мамандарына зияткерлік және психофизикалық дамуында ауытқулары бар оқушылармен жұмыс істеу кезіндегі өз қызметіміздің үлгісін ұсынамыз. Сонымен қатар, оқушылардың ата-аналарында туындаған мәселелерді шешу жайында да айқын көрсетіледі. Мектептің, оқушының, ұстаздың рөлі, олардың бір-біріне байланысы және бірлесе жасаған іс-әрекеттері көрсетіледі. Мектеп педагог-психологының түзете-дамыту жұмысы балалардың танымдық, эмоционалды-тұлғалық және әлеуметтік ортаға және өзін-өзі тануына бағытталған. Бұл мақалада психологиялық тәрбиенің негізгі мақсаты, міндеттері, тәрбиенің формалары, түзету жұмыстары, әдістемелері көрсетіледі.

Түйін сөздер: кедергісіз, түзету-дамыту, дефектология, ахуал, диагностика, әлеуметтік, зияты зақымдалған балалар.

Амирова А.Е.¹, Қабделдаева М.И.²

¹педагог-психолог, педагог-логопед

²КГУ Специальная (коррекционная), школа-интернат №7 для детей
с интеллектуальными нарушениями развития г. Алматы,
Казахстане-mail: anara-amir15@mail.ru, kabdeldaeva.moldir@mail.ru

РОЛЬ ПСИХОЛОГА И ЛОГОПЕДА В РАЗВИТИИ ЛИЧНОСТНЫХ ОСОБЕННОСТЕЙ ДЕТЕЙ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ

Аннотация

В специальных школах-интернатах осуществляется коррекционно-развивающее обучение и воспитание, направленное на социализацию, формирование самообслуживания детей с нарушениями интеллектуального и психофизического развития, способствующее личностному развитию, приобретению жизненно необходимых знаний и умений, навыков, адаптации к безбарьерной социальной среде. Исходя из этого, большое значение имеют школьные психологи, дефектологи, логопеды. В данной статье мы предлагаем педагогам-психологам, специалистам-дефектологам, логопедам пример своей деятельности при работе с учащимися с отклонениями в интеллектуальном и психофизическом развитии. Также наглядно показано решение проблем, возникающих у родителей учащихся. Показана роль школы, ученика, учителя, их связь друг с другом и совместные действия. Коррекционно-развивающая работа педагога-психолога школы направлена на познавательную, эмоционально – личностную и социальную среду и самосознание детей. В данной статье отражены основные цели, задачи психологического воспитания, формы воспитания, коррекционная работа, методики.

Ключевые слов: безбарьерный, коррекционно-развивающий, дефектология, ситуация, диагностика, социальные, дети с нарушениями интеллекта.

Amirova A.¹, Kabdeldaeva M.²,

¹teacher-psychologist, teacher- speech therapist,

²MSE Special boarding school,7 for children with intellectual disabilities
Department of Education of the city of Almaty

Almaty, Kazakhstan,e-mail: anara-amir15@mail.ru kabdeldaeva.moldir@mail.ru

THE IMPORTANCE OF A PSYCHOLOGIST AND SPEECH THERAPIST IN THE DEVELOPMENT OF PERSONAL CHARACTERISTICS OF CHILDREN WITH SPECIAL EDUCATIONAL NEEDS

Abstract

Special boarding schools provide correctional and developmental education and upbringing aimed at socialization, the formation of self-service for children with intellectual and psychophysical disabilities, contributing to personal development, the acquisition of vital knowledge and skills, skills, adaptation to a barrier-free social environment. Based on this, school psychologists, speech pathologists, speech therapists are of great importance. In this article, we offer teachers-psychologists, speech pathologists, speech therapists an example of their activities when working with students with intellectual and psychophysical disabilities. The solution of the problems arising from the parents of students is also clearly shown. The role of the school, student, teacher, their relationship with each other and joint actions are shown. The correctional and developmental work of the school's teacher-psychologist is aimed at the cognitive, emotional, personal and social environment and self-awareness of children. This article reflects the main goals and objectives of psychological education, forms of education, correctional work, methods.

Keywords: barrier-free, correctional and developmental, defectology, situation, diagnostics, social, children with intellectual disabilities

Кіріспе

Жыл өткен сайын мүмкіндігі шектеулі балалар саны толастамай отыр. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды түзету-дамыту шаралары, сүйемелдеу әдістері мен тәсілдері төменде көрсетілуді. Оқушылардың оның психологиялық және педагогикалық түзету әдістемелері жас ерекшеліктеріне

сай таңдалады. Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеуде кездесетін қиындықтар олардың физикалық және танымдық жағдайын егжей-тегжейлі ескеру қажет.

– Мектеп психологының басты мақсаты: Оқу-тәрбие үрдісінде оқушыларға психологиялық ахуал жасау, сонымен қатар, қоршаған ортада жағымды жағдай туғыза отырып, оқушылардың психологиялық дамуына әсер ету.

– Жыл бойы, керекті мөлшерде шамамызға қарай психология кабинеті безендіріліп, жабдықталды.

– Әдістемелік әдебиеттер толықтырылды. Психодиагностикаға психологиялық материалдар дайындалды.

– Зерде дамуы бұзылған балалардың денсаулығының ерекшеліктеріне байланысты, көңіл-күйлерін түзеу мақсатында арттерапия, сурет салу, әуен тыңдау терапиясы, ойын терапиясы жүйелі түрде жүргізіліп отырылады.

– Жаңадан келген оқушылардың жеке құжаттарымен танысып, оқушыларға жеке карта жасалынады.

– Балалардың қоршаған ортаны танудың әртүрлі құралдарымен тәсілдері туралы білімін кеңейту, зейінді дамыту, эмоцияны анықтауды және айта білуді дамыту, логикалық ойлауды дамыту жұмыстары Эдуплей, Эдукуест, Нумикон, Дидактикалық тасбақа арқылы жүйелі түрде, жұмыстар жүргізіліп отырды.

Жұмыс барысындағы негізгі бағытымыз диагностика, кеңес беру, түзету-дамыту, білім беру қызметі.

Кәсіби қызметті талдау

Оқушылармен барлық бағыттар бойынша жұмыс істеу:

- *Мектеп оқушыларының жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып диагностика жүргізу.
- * Қиын оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.
- *Оқушылардың таным мен тәрбиесіндегі кемшіліктерін түзету жұмыстарын жүргізу.
- *Жалпы оқу тәрбие үрдісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.[1]

1. Диагностикалық Жұмыс

1) Жеке диагностика.

Ата-анамен мұғалімдердің сұранысы бойынша балаға жеке диагностика жүргізу және кеңес беру.

Қыркүйек және қазан айларында мектебіміздің бастауыш буынымен алғаш мектеп табалдырығын аттаған 1 «а», 2 «а», 3 «а» оқушыларын толық зерттеп, баланың мектепке еш қиындықсыз бейімделуіне ықпал еттік. Ол жерде сынып жетекшілерімен бірге отырып, жұмыс жасадық. Балаға ұстаздың жылы сезімімен, кішіпейілділік керектігін әрдайым ұстанып отырдық. Әр баланың жан дүниесіне үңіле отырып, ол нені жақсы көреді, нені ұнатпайды, немен айналысқанды ұнатады, т.б. сияқты сұрақтарға жауап алудан басталып отырды. Оның басты маңыздылығы, бұларды білу сол оқушымен әрі қарай зерттеуге көмегін тигізеді.

Нәтижесінде, баламен қарым-қатынас нығайып, мектепке деген, оқуға деген қызығушылығы арта түсті. Сонымен қатар, қыркүйек айында ата-аналардың мектептегі психологиялық жұмыстармен танысып, хабардар болды. 1-ші сынып ата-аналары келіп, керекті кеңестерді алып отырды.

Әр балаға жеке көңіл бөлініп, қарым-қатынасты нығайтатын диагностикалық түзету және дамыту жұмыстары жүргізілді.

Дидактикалық тасбақа ойын модулін өз жұмысымызда кеңінен қолдандық. Сабақ кезінде балалардың мына қасиеттері дамиды:

- жалпы және ұсақ моторика;
- түсті, форманы, көлемді тану;
- кеңістікті бағдарлай алу;
- ерікті назар, есте сақтау, сөйлеу;
- санай білу қасиеттері. [2]

1 «а», 2 «а», 3 «а», 4 «а» сынып оқушыларымен ұсақ моториканы, көру-қимыл үйлесімділігін және зейінді дамыту, сенсорика мен есте сақтау қабілетін дамыту. Қолдың ұсақ қимылын және қолдың көру үйлесімділігін, зейінді дамытуды; «көз-қол» жүйесі бойынша, саусақтар, қол басының қимыл кемшіліктерін түзету жұмыстары жүргізілді. Жүргізілген жұмыстардың барлығы арнайы журналға тіркеліп жазылды.

2)Топтық зерттеу

1. Социометрия

5 «а» оқушыларымен қараша, желтоқсан айларында социометрия сауалнамалары жүргізілді ондағы балалардың сыныптағы ара-қатынасы, оның ішінде сынып белсендісі анықталып нәтижесінде шетте қалған оқушы болмады. Қарым-қатынас дағдыларын және адамгершілік қасиеттерін дамыту жұмысы жүргізілді. Балаларға ересек адмдармен, құрдастарымен, сыныптастарымен қарым-қатынас дағдыларын меңгерту, эмоциялық қатынас орнатуға, қошаған ортамен өзара әлеуметтік іс-әрекет тәжірибесін жинақтауға көмектесетін әңгімелермен, тренингтер өткізілді.

Ондағы басты міндет балалардың қоршаған ортамен тығыз байланыста болулары, сонымен бірге тәртіптің дұрыс нормаларын қалыптастыру. [3]

«Тәуекелге ұшыраған» оқушылармен жұмыс:

Мұғалімдердің сұранысы бойынша мінез-құлқында ауытқуы бар, сыныптастарымен қарым-қатынасқа түсуі қиын балалармен жеке жұмыстар жүргізіліп отырды.

Ол оқушылар: Сорока Танир, Төлепберген Диас. Осы оқушыларды жеке қамқорлыққа алып, жұмыс жүргіздім. Бұл оқушылар үнемі қатаң қадағалауды талап етті.

Қорқыныш сезімін сейілту, тұйық оқушылармен түзету жұмыстары жүргізілді.

Нәтижесінде, оқушылар ашылып, оңай қарым-қатынасқа түсті. Өз ойларын айтып, жүргізілген ойындар мен жаттығуларға белсене қатыса білді. Бұл жерде оқушының тұрақтылығын анықтау корректуалық сынама. Оқушының өзіндік бағалауын қалыптастыру: В.Г. Шурдың сынамасы бойынша «Баспалдақ» – Мюнстберг әдістемесі, зейіннің таңдамалылығын анықтау. С.Д. Забрамной, О.В. Боровик жобалау әдістемелерін пайдалана отырып: «Үй, ағаш, адам, отбасы суреті» әдістемелері қолданылды.

Мектебіміздің түлегі болатын 9 сынып оқушыларына желтоқсан айында «Мен қалаған мамандық» атты психологиялық тренинг өтті. [4]

Мақсаты: мамандық таңдаудың негізгі шарттарымен таныстыру.

Мамандық таңдауға оң шешім қабылдауға, еңбек қуанышын сезінуге, өз – өзінің бойындағы қасиеттерін тануға жетелеу.

Бейіміне, мүмкіндігіне қарай мамандық таңдау қажет деген тақырыптар төңірегінде бағыттау ақпараттары жүргізілді.

Кәсіптік бағдар берумен тәрбие жұмысының мәні оқушыларды қоғамдық іс-әрекеттерге белсене қатыстыру болып табылады. Бұл міндетті шешудің жолы оқушыларды қоғамдық пайдалы еңбекті дұрыс ұйымдастыру, өндірістік ұжымдардың еңбегіне араласу. Бұл жоғарыда көрсетілген психологтың жұмысының мақсат, міндеттері болса, енді логопед маманының жұмыстарына толғалайық.

Логопед –мұғалімнің негізгі мақсаты: Сөйлеу тілі бұзылған оқушыны оқыту, тәрбиелеу және қайта тәрбиелеуде көмек беріп, тілін түзету арқылы, кемістіктерді болдырмаудың алдын алу. Дамуындағы кемшіліктерді ерте түзету және қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеті, оқуға деген қызығушылығын арттыру. Танымдық және оқуға деген ынтасын дамытуда, оқушыны өз бетінше ізденуге үйрету, шығармашылық деңгейге жетелеу. Пәнаралық байланыс арқылы, көп оқуға, жан-жақты білім деңгейін дамытуға баулу.

Жыл басында, 2 апта бойы оқушылардың сөйлеу тілін терең зерттеліп, жеке дыбыстағы кемістігін анықтай отырып, дыбыстың дұрыс айтылуына басты көңіл бөлініп, сөз тіркестерін байланыстыра сөйлеуін тексеру бойынша жұмыстар жүргізіледі. Білім басқармасының бекіткен әр сыныптың тақырыптарына сәйкес жұмыс жүргізіледі. Төменде бірнеше мысал келтірілген.

I бөлім «Өзім туралы», «Денім сау болсын десең...» тақырыбында оқушыға берілетін тапсырма

1. Артикуляциялық жаттығу

- ◆ Ауызымызды кең ашамыз - жабамыз.
- ◆ Тілімізді шығарамыз – қайта кіргіземіз.
- ◆ Тілімізді оңға солға меңгереміз.
- ◆ Тістерімізді көрсетеміз.
- ◆ *Күлімдеп* («И» дыбыстаймыз) – *түтікіше жасаймыз* («У»

дыбысын дыбыстаймыз). [5]

- ◆ Ақерке «О» деп дыбыстады. Сенде дыбыста: «О».
- ◆ Ақерке «О-о-о-о-о әндетті». Сен де ән сал, Ақерке секілді.




2. Ұсақ қол моторикаға арналған жаттығу

- ◆ Сол жақ қолымызбен сақина жасаймыз.
- ◆ Оң жақ қолымызбен сақина жасаймыз.
- ◆ Екі қолымызбен де сақина жасаймыз.

3. Тыныс алу жаттығуы (5-6 рет)

- Демді ішке тартып, қайта шығару
- Кемені үрле.



– Кезеңге сәйкес «Қарды үрле», «Жапырақ», «Жел», «Ғимарат» секілді жаттығуларды орындау.[6]

Әр сабақтың басында артикуляциялық жаттығу, ұсақ қол моторикасына арналған жаттығулар, тыныс алу жаттығулары міндетті түрде орындалады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, логопед пен психологтың ерекше білім беруді қажет ететін бала өмірінде маңызы зор. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға психологиялық көмек көрсетудің негізгі мақсаты – бұл олардың жеке және зияткерлік әлеуетін үйлестіру, психикалық дамудағы бұзылыстарды түзету, дамудағы ауытқулардың алдын алу.

Танымдық іс-әрекеттің бұзылуының ерекшелігін ескере отырып жоғарыда көрсетілген түзету іс-әрекеті мен оқыту бірге жүзеге асырылды. Қорытындылай келе, келесі оқу жылына жоспар құрдық.

Психологиялық және логопедиялық қызметтің жұмысын талдау негізінде келесі оқу жылына мынадай жұмыстар жоспарға алынып отыр:

- Жаңадан келген оқушыларды бейімдеу, психологиялық қолайлы жағдай туғыза отырып, танымдық қабілеттерін жетілдіру;
- Сөйлеу тілінің даму кезіндегі кедергілерді болдырмаудың алдын алу;
- Қиын балалармен жұмыс жасау;
- Психологиялық және логопедиялық әдістемелерді жаңадан толықтыру; ;
- Дамуындағы кемшіліктерді ерте түзету және қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеті, оқуға деген қызығушылығын арттыру;
- Заманауи әдістерді қолданып, балалардың танымдық қасиеттерін жетілдіру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Петрова В.Г. «Психология умственно отсталых школьников: учебное пособие – М.: Издательский центр «Академия», 2004.
2. Мамайчук И. И. Помощь психолога детям с аутизмом. – СПб.: Речь, 2007. – С. 288.
3. Семаго М.М, Семаго Н.Я. Организация и содержания деятельности психолога специального образования: Методическое пособие. – Москва, АРКТИ, 2005.
4. Слюсорсво Е.С., Козловская Т.Ю. Методы психологической коррекции: Учебно-методическое пособие – , 2008.
5. Бардышева Т.Ю., Моносова Е.Н.Тетрадь логопедических заданий. Средняя группа. – М.: Издательство «Скрипторий 2003», 2009. – С.120.
6. Бардышева Т.Ю., Моносова Е.Н. Тетрадь логопедических заданий. Старшая группа. – М.: Издательство «Скрипторий 2003», 2010. – С.144.